

ТРАСЕКА Үкіметаралық комиссиясы Тұрақты хатшылығының Қазақстан Республикасындағы Тұрақты өкілдігінің басшысын (Ұлттық хатшысын) тағайындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 тамыздағы N 869 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 қыркүйектегі № 1069 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.09.17 № 1069 Қаулысымен.

1998 жылғы 8 қыркүйектегі Еуропа-Кавказ-Азия дәлізін дамыту жөніндегі халықаралық көлік туралы негізгі көп жақты келісімнің 9-бабына және 2003 жылғы 10 қазанда ТРАСЕКА Үкіметаралық комиссиясы бекіткен ТРАСЕКА Үкіметаралық комиссиясының Тұрақты хатшылығы туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Көлік және коммуникация ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің президенті Мұрат Махметұлы Бекмағамбетов ТРАСЕКА Үкіметаралық комиссиясы Тұрақты хатшылығының Қазақстан Республикасындағы Тұрақты өкілдігінің басшысы (Ұлттық хатшысы) болып тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ТРАСЕКА Үкіметаралық комиссиясының Тұрақты хатшылығын қабылданған шешім туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі